

**Егіндікөл аудандық мәслихатының 2013 жылғы 20 қыркүйектегі № 5С19-3 " Егіндікөл ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Егіндікөл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 29 сәуірдегі № 5С26-3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 мамырда № 4217 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Егіндікөл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 5С32-10 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Егіндікөл аудандық мәслихатының 26.12.2014 № 5С32-10 (қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабына, «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысына сәйкес, Егіндікөл аудандық мәслихаты

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Т І :**

1. Егіндікөл аудандық мәслихатының «Егіндікөл ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 20 қыркүйектегі № 5С19-3 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3839 тіркелген, 2013 жылғы 21-28 қазанда аудандық «Егіндікөл» газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін :

Көрсетілген шешіммен бекітілген, Егіндікөл ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларында:

1 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

«1. Тұрғын үй көмегі аудандық бюджет қаражаты есебінен Егіндікөл ауданында тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) төлеуге:

1) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (

азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға ;

2) тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

3) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады .

Аталған жерлерде тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу, жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.» ;

2 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

«2. Телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға тұрғын үйді күтіп-ұстауға коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің отбасының (азаматтың) жиынтық табысының 10 % мөлшерінде белгіленеді.» ;

11 тармақтың 3) тармақшасы жаңа редакцияда баяндалсын:

«3) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі не мекенжай анықтамасы, не өтініш берушінің тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын селолық және/немесе ауылдық әкімдердің анықтамасы;»;

15 тармақ алынып тасталсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік

тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>сессиясының төрайымы</i>	<i>А у д а н д ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т</i>
	<i>А.Қасенова</i>	
<i>мәслихаттың хатшысы</i>	<i>Р.Муллаянов</i>	<i>А у д а н д ы қ</i>
<i>КЕЛІСІЛДІ</i>		
<i>Егіндікөл ауданының әкімі</i>	<i>А.Тайжанов</i>	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК